

Шымкент қаласы білім басқармасы

№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі

**3 «Ә» сыныбына жүргізілген зерттеу
жұмыстарының есебі**

Куратор: Туйчиева А

2023-2024 оқу жылы

3«Ә» сыныбына жүргізілген зерттеу жұмыстарының анықтамасы «Lesson Study» -дің талдауы

Lesson Study – бұл сыныптағы іс-әрекеттегі зерттеу жұмысының ерекше түрі, ол мұғалімдер топтарының Lesson Study –ді бірлесіп жоспарлауын, оқуын, қадағалауын және талдауын көздейді.

Осы орайда сәуір айында 3"Ә" сыныбында мұғалімге оқушыларды зерттеуге, қызығушылығын арттыруға, білім сапасын көтеруге, мұғалімдердің кәсіби деңгейін жоғарылатуға, бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік беретін педагогикалық тәсілді қолдану арқылы жұмыстар жүргізу мақсатында осы сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдерімен бірлескен түрде Lesson Study өткізілді.

Lesson Study циклін өткізу үшін зерттеу жұмыстарын жоспарлап бастауыш сынып мұғалімі Туйчиева А., әдебиеттік оқу пәнінің мұғалімі Әбибұлла Ұ., орыс тілі пәні мұғалімі Алпысбаева Ж., ағылшын пәні мұғалімі Әбдіханова К. Мұғалімдерден топ құрылды. Зерттеу жүргізу үшін мұғалімдерінің бірлесуімен қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі сабақтарына Lesson Study-ді өткізу жоспары құрылды. Lesson Study-тәсілін жүзеге асыру үшін топ мүшелерімен ақылдаса келе, «Деңгейлеп, саралап оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі» тақырыбы бойынша 3 «Ә» сыныбында Lesson Study жүргізу жоспарланды. Сыныпта- 25 оқушы. 12 ер бала, 13 қыз бала. Сыныпта оқу озаты -9, оқу екпіндісі - 6. Жалпы сыныптың білім көрсеткіші – 60 % құрайды. Сыныптың білім деңгейі мен сыныптың белсенділігі мен бәсекелесе, жарыса оқу деңгейі орташа. Сондықтан осы сынып оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қызығушылығын ояту, білім сапасын көтеру таңдалды.

Біз қатысушылар үш А, В, С деңгейіндегі оқушыларды таңдап алдық. А деңгейіндегі оқушы «Үлгерімі өте жақсы» Абдысамат Бегайым, Алмасбекқызы Раяна, Игамбердиева Раяна, Кельдебек Алихан, Қойшыман Еңлік, Олжабай Раяна, Оразбай Мереке, Рахымберді Зейнеп, Саруар Раяна есімді оқушылар, В деңгейінде «Үлгерімі жақсы» Еримбет Асыл, Қалды Заңғар, Нұрсейіт Асылайым, Сафарбек Ерасыл, Тасқын Мейір, Рашидұлы Нұрлыхан есімді оқушылар, С деңгейінде «Үлгерімі орташа» Абілсерік Айбек, Амалов Алихан, Әбдуманат Алинұр, Бекболат Бекнұр, Бекбосын Айару, Берікбай Алинұр, Дүйсенбай Айзере, Көпес Али, Құлмахан Нұрсұлтан, Төребек Айбек есімді оқушылармен талдау жұмыстарын жүргіздік. Әрбіреуіне мінездеме беріліп, жан-жақты қарастырдық. Зерттеуге қатысушы мұғалімдер төменде берілген карта бойынша оқушыларды бақылап отырды.

Нәтижесінде Lesson Study өткізу «Деңгейлеп, саралап оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі» тақырыбы таңдалып, келесідей күтілетін нәтиже анықталды:

- Оқыған материалдарына сүйене отырып, жоспар құра алады;
- Берілген мәтіннен таныс емес сөздерді анықтап, оларды түсіндіруге тырысады;

- Берілген мәтіннен негізгісін сұрыптай алады;
- Оқыған материалдары бойынша сұрақтар құрастыра алады;
- Өздіктерінен жұмыс жасай алады;
- Білім сапасы артады.

Lesson Study бір цикл бойынша үш пән арасында өткізілді. 1-сабақ алғашқы зерттеу сабағы бірлесіп жоспарланып, өткізілді, сабақ соңынан оқушылармен сұхбат жүргізіліп, олардың пікірлері ескеріле отырып, зерттеу жүргізуші мұғалімдер бірлесе талдау жасап, келесі зерттеу сабағы бірлесе жоспарланып отырды. Осындай іс-әрекет әрбір зерттеу сабағынан кейін қайталанып отырды.

Бірінші сабақ тақырыбы: «Есептік және реттік сан есімдер»

Бірінші Lesson Study-ды талқылау барысында озат оқушылар күткен үмітіміз ақталды.

Оқушылар

сабақ

материалын толық көлемде меңгеріп, өздерін көшбасшы ретінде таныта білді. Сабақта «Қалтадағы сұрақтар», «Телефон», «Google» әдістерін, деңгейлік тапсырмалар қолданды, оқушылар ерекше белсенділік танытты. С деңгейдегі оқушылар сабақ барысында сабаққа қатысып отырды. Оның сабаққа ынтасының көтерілгені көрініп тұр. Берілген тапсырманы қызығушылықпен орындап отырды.

Алғашқы зерттеу сабағын талдау барысында оқушыларға деңгейлеріне байланысты топтық жұмыстар, тапсырмаларды күрделірек дайындау ұсынылды.

Екінші сабақ: ағылшын тілі, пән мұғалімі: Әбдіханова К.

Тақырыбы : «By the sea».

Екінші Lesson Study барысында сұрақ-жауап әдісі, өзін-өзі бағалау әдістері қолданылды. Мәтінді оқыту көмегімен оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері артып, өздеріне артылған міндеттерді орындай білді. Сабақта оқушылар деңгейлік тапсырмалармен жұмыс атқарды, топтық жұмыстар орындалды, сабақты талдау нәтижесінде шығармашалық тапсырмаларды күрделендіріп беруге ұсыныс жасалды.

Үшінші сабақ: орыс тілі, пән мұғалімі: Алпысбаева Ж.. Тақырыбы: «Вода-это жизнь». Үшінші Lesson Study барысында озат оқушылар ерекше көзге түсіп, өзін нағыз көшбасшысы ретінде топ мүшелеріне көмектесіп, оларды тапсырма орындауға итермелеп отырды. Соңында өз тобының мүшелерін бағалады.

Ал С деңгейдегі оқушы Айсезім тапсырмаларды орындауға көп шықты. Себебі оның тобында орта деңгейдегі оқушылар болды. Берілген тапсырмаларға белсене қатысып отырды. Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Оқушылар топтан қалып кетпеуді ойлап, барынша сабаққа атсалысуға тырысты. А деңгейдегі оқушылар бұл сабақта да алдына жан салмады. Берілген тапсырманы мүлтіксіз орындап, қойылған сұраққа жауап беріп отырды. Ол өз сыныбының көшбасшысы екенін көрсетті.

Үшінші Lesson Study сәтті өтті.

Сабақтарды зерттеу нәтижесінде жалпы сыныптағы әр түрлі деңгейдегі оқушылар бойынша өзгерістерді анықтап, төмендегідей қорытынды жасалды:

С деңгейіндегі оқушы:

- Берілген мәтінмен жұмыс жасай алды;
- Жеңіл сұрақтарға жауап беріп, өздіктерінен жұмыс жасауға ынталанды.

В деңгейіндегі оқушы:

- Алған білімдерін қолданып, қосымша материалдармен жұмыс жасай алды;
- өздіктерінен білім алуы үшін жоспар құра алды.

А деңгейіндегі оқушы:

- Проблемалық сұрақтарды анықтап, жауап табуда ізденді. Өз білімдерін шығармашылық тапсырмаларды орындай алды.

Сабақтарының нәтижесінде біз мынаны ұқтық. А деңгейіндегі оқушы берілген тапсырманы орындап тастап, қасындағы оқушыларға көмектесе бастағаны, В деңгейіндегі оқушы да топпен жұмыс кезінде оқулықтағы мәтінмен жұмыс жасап, не болғанда да қатарынан асуға тырысып бақты. Ал С деңгейіндегі оқушы басқа оқушыдан көшіріп алуға тырысып, бірақ та ойын сабақтарын өткізген кезде, суреттер салу болған кезде қызығушылық танытып, сабаққа аралсақандығын байқадық.

Бұл зерттеу жұмысы тек оқушылардың білім сапасын көтеруге ғана бағытталып қойған жоқ, сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдерінің ойлап тапқан АДАТ(Асем, Дина, Арай, Тендік) жаңа әдісті тиімді ендіріп, қолдану құзыреттіліктерін жетілдіруді мақсат еткен болатын. Осыған байланысты, пән мұғалімдеріне төмендегідей ұсыныстар жасалды:

- Өз бетімен жұмыс белгілі бір мақсатқа бағытталған, оқушы орындай алатындай етіп таңдалуы тиіс;
- Тапсырма бар ынтасын салып жұмыс істейтіндей, қызықты етіп әзірленуі керек;
- Тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай бағытталуы керек;
- Тапсырмаларды дайындау барысында көп алмау;
- Мұғалімге уақытты үнемдей алу;
- Оқушылардың берген жауабын мұқият тыңдап, қатесін түзетіп отыру;
- Өткізілген зерттеу бойынша педагогикалық кеңесте мектеп ұжымымен бөлісу.

3 "Ә" сыныбында жүргізілген Lesson Study-ді қорытындылай отырып, сабақтағы өз бетімен жұмысты жетілдіруде оқушылардың деңгейін міндетті түрде ескерілу керек, қалыптастырушы бағалауды түрлендіре отыра, әр сабақта мұғалімге оқушылардың кері байланыс алу міндетті түрде керек деген түйін жасалды. Жеке жұмысты берер алдында, оқушылар тақырыпты топта талдаса жақсы нәтижеге жетуге болады. Сабақта бағалау парағын ұсыну, өздері қол жеткізе алатын нәтиже ғана емес, сабақ бойы қандай іс-әрекетпен айналысатынымен хабардар болып отыруға мүмкіндік береді, бұл олардың өз-өздерін реттеп үйренуге, өз

бетімен жұмыс жасай білуге дағдыландырады деген қорытынды жасалды. Ең бастысы, осы зерттеу нәтижесінде 3 "Ә" сыныбындағы білім сапасында оң өзгеріс байқалды.

Қорытындылай келе, бұл тәсілдің нәтижесінде біз оқушылардың білімдерін жаңа тәсілдер арқылы кеңейте алдық. Сабақ соңында өз мақсаттарымызға жеттік, қалыс қалған оқушылар болған жоқ. Бағдарламаның жеті модулін ықпалдастыра отырып, оқушылардың сұрақтарға толық жауап беруіне, ойларын ашық айтуға үйреттік. Топтық жұмыс арқылы ойларын ортаға салып талқылау, талдау, өз пікірін ашық айтуға дағдыландыра отырып, бірін-бірі, өздіктерін, жұптарын, топтарын бағалауға үйретіп, оқуға деген қызығушылығын арттырдық. Болашақта осындай әдіс - тәсілдерді қолдана отырып өткен сабақтарыммызбен оқушының білім, білік дағдыларын арттыруды көздеп отырмыз және үлгерімі "С" дәрежесіндегі оқушылармен әлі де жұмыстар жасап "В" дәрежесіне жеткізуге, "В" дәрежесіндегі оқушыларды "А" дәрежесіне жеткізуге тырысамыз.